

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## Қара шаңырақ

2008 жылғы мамыр айының аяқ кезі. Облыстық «Сыр бойы» газетінің сол кездегі бас редакторы Серік Пірназар мен аудандық «Өскен өңір» басылымының қызметкері Нұрмахан Елтай үшеуміз ұзын көшені бойлай жүріп келеміз. Ойымыз – атақты диқанбаба Ыбырай Жақаевтың туған ұлы Сейітбек ақсақалға жолығып, сәлем беру. Әңгімелесу. Еңселі ақ үйге жақындағанымызда: «Қария осында тұрады», – деді қақпа шетіндегі шағын есікті аша берген Нұрмахан. Аулада бізді орта бойлы, ашаң жүзді қарт қарсы алды. Атақты адамның қара шаңырағын ұстап, даңғайыр диқанның үрім-бұтағына ес болып отырған Сейітбек ағамыз, міне, осы кісі екен.

Танысып, аман-саулық сұрасқаннан кейінгі біздің тілші қауымының тірлігі белгілі ғой. Ол – редакция тапсырмасына сәйкес кейіпкерімізді әңгімеге тарту. Сыр суыртпақтап, әртүрлі тақырыпта сөз қозғау. Байқаймыз, үй иесі сөзге онша жоқ сияқты. Қойылған сұраққа қысқа ғана жауап береді. Сөйтіп, әңгімені келте қайырады. Өстіп отырып: «Сыр өңіріндегі күріш егу үдерісі қашан, қалай басталған? Бұған байланысты Ыбекеңнің не деп айтқаны есіңізде жоқ па?» деген сауалдарға да жеткенбіз. Міне, сол кезде барып үй иесінің сөзіне жан кіре бастағандай болды. Сейітбек қарияның айтуынша, кейін осы аймақтың атын шығарып, оның еңбек адамдарына өлшеусіз атақ-абырой сыйлаған бұл дақыл мұндағы егін, бақша өнімдерімен қатар ертеден бері-ақ егіліп келген екен. Бірақ өте аз мөлшерде, әркімнің шама-шарқына қарай деген сөз ғой бұл. Ал оған байланысты бетбұрыс 30-жылдары басталып, бірден бел алыпты. Бұған себеп болған Ыбекеңнің әкесі Жақай ақсақалдың сөзі дейді көнекөздер. Қария сол кездегі кеңестік билік тәртібі бойынша өмірге келген қосшы, мойынсерік және артельдік шаруашылық тірлігіне сәт салып қарайды. Байқаса, оларға біріккен ауылдастарының қол жеткен жетістіктері мәз емес. Қанша тырбанса да өздері еккен бидай алқаптарынан алатындары әр гектардан 6-7 центнер өнім ғана. Ал Қиыр Шығыстан жер аударылып келіп, көрші елді мекенде күріш өсіріп жатқан корейлер ше? Олар дәл сондай жер мен телімнен 15-16 центнер дән жинауда. Осыны ой елегінен өткізген Жақай ақсақал: «Дәннің асылы – бидай. Оны не өсіреді? Қара топырақ, – дейді жерлестеріне. – Бірақ ол біздің Сыр өңірінде бар ма? Жоқ деуге болмас, өкінішке қарай аз. Сондықтан бидай мұндағы боз топыраққа тамыр жая алмауда. Ендеше, бізге тиімдісі күріш. Олай дейтінім, гектарынан 15 қаптан кем емес өнім алып жатқан қараңдар ана көршілерге. Демек, боз топырақ күріштің жаны екен. Сондықтан мына ойпаттардағы шеңгел алқаптарын тазартып, оған өзіміздің ақ маржан – қазақы салы егіндер жарандар!»

Содан не керек, Жақай қарттың сөзіне құлақ асқан жұрт сол көктемде жаңа бір іске бел шешіп кіріседі. Одан жазға жалғасқан еңбектерінің нәтижесін күзде көріп, мәре-сәре болады. Ол бұрын ыңыршағы шығып жүрген елдің ішім-жемге кенеліп, тойынуы еді. Және өздерінен

артылған өнімдерін мемлекетке өткізіп, үсті-бастарын бір киерлік киіммен бүтіндеуі болатын. Міне, кетпен шауып, орақ орған осы еңбек иелерінің қатарында Ыбекең де жүрген ғой. Жүргенде де құдайдың берген ерен күш-қайратымен сол кездің өзінде-ақ өзгелерден ерекшеленіп, жеке дара көріне білген.

– Әкей бірде бізге мұндай жетістікке еңбек, иә, тек қана тынымсыз жұмыс пен табанды іс-әрекетке толы қимылдың арқасында қол жеткізгенін айтқаны бар, – деді осы араға келгенде Сейітбек аға. – Сол кезде ол кісінің жасы қырыққа иек артып, өмірден мол тәжірибе жинап үлгерген шағы екен.

– Түсінікті. Ал атамыз, рекордқа қалай қол жеткізген? Бұл қашан болған оқиға? Мұны кешегінің адамдары біздер жақсы білеміз, әрине. Бірақ бүгінгі ұрпақ ше? Сауал сізге міне, сол үшін қойылып отыр.

– 1940 жылдың күзі болуы керек. Әкей еңбек ететін Қызылту ұжым-шарына Әнес Алтынбеков деген жас жігіт келеді. Мамандығы агроном ол күрішшілерге өз білгенін үйретуге тырыспай ма? Сондықтан, мәселен, ескі егістік алқапқа айналсоқтай бермей, жаңа жер телімін алып, соны игеруге әрекет жасауға ұмтылу. Өкінішке қарай, көп адам оның сөзін жүре тыңдап, айтқан ақыл-кеңестеріне онша мән бермейді. Сөйтіп, өздерінің бұрынғы: «Жер жыртып, тұқым септік. Оны суға бастырып, арамшөбін отадық. Енді қалғанын бір құдайдан күттік», – деген қазақи жайбарақаттыққа салынады. Ал біздің әкей Әнестің әр нәрсені жан-тәнімен түсіндірген сөзіне зер салып қарайды. Ойлап көрсе... Мүлде бөлек тірлік. Өзге жұмыс тәсілі. Басқа тәжірибе. Содан не керек ол кісі жас маманның айтқанына құлақ асып көруге бел байлайды. Сөйтеді де: «Осыған сіз иелік етіңіз», деген түбекке көз салады. Байқаса, агроном жігіттің жер таңдауы дұрыс сияқты. Себебі ол ылғал көзі мол жиналатын әрі төңірекке су қашып, егіншіні әуре қылмайтын ойпатты алқап екен. Осыны көңілге түйген кәнігі диқан: «Жарайды», деп жаңа телімді мар-мар қамыс пен шатысқан шеңгелден тазартуға кіріседі. Арада 15 күндей уақыт өткенде, аталған түбекті қайта айналып келіп көрген Әнес әкейдің тап-тұйнақтай ісіне ерекше сүйсініп, керемет риза болады. Сөйтеді де келесі тапсырманы түсіндіруге кіріседі. Оның айтуынша мына телімді тазартып, тегістеген кезде жиналып қалған тау-тау шеңгел бұталары мен ағаш түбірлері және қоға, қамыс үйінділерін өртеп, күлін осы егістікке шашу керек. Содан соң қоңыр күздің қар түскенге дейінгі желсіз, жауынсыз тымық кезін пайдаланып, жақын маңдағы мал қораларынан қи тасу, оны да осы танапқа жаймалап төгу қажет. Олар алдағы қыстағы қар, көктемгі жаңбыр суымен жерге сіңіп, күріш егетін алқапты қоректендіреді. Топыраққа күш беріп, тыңайтады. «Апырай, ә? – дейді мына ақыл құлағына кірген әкей. – Бұрын қиды біз үй ауласындағы бақшаға ғана пайдаланушы едік. Сөйтсек ол егін алқабына да қажет дүние екен ғой. Іштей осылай деген диқан қырмандағы күзгі жұмыстан босаған қос өгізді екі арбаға жеке-жеке жегеді. Содан соң оның біреуінің бұйдасын бәйбішесі Бибіжарға ұстатып,

екіншісін өзі жетекке алған күйі жақын жердегі мал қораларынан қи тасуға кіріседі.

Осылай деген Сейітбек аға тамағын бір кенеп алып, әңгімесін әрі қарай жалғады. Үй иесінің сөзіне қарағанда, ауылдастары өз телімдеріндегі өткен күзден қалған шөп-шаламдарды енді тазартып жатқанда, Ыбекең жер жыртуға кіріседі. Олар соқа сала бастағанда, бұл кісі тұқым сеуіп болады. Ал жерлестері оған жұмылғанда, диқан өзіне тиісті күріштік алқабындағы текшелерді суға толтырумен айналысады. Содан он шақты күн өткенде... Иә, сол шамада Ыбекеңнің теліміне торғайлар келіп қаптасын. Мұндайды көрмеген агроном Әнес шошып кетіп: «Бұл не?» – деп сұрамай ма диқаннан. «Ол құстардың нәпақасы», – деп жауап береді күріштік алқабының иесі. Сөйтеді де маманға себілген тұқымның кей бөлігінің суға бөртпейінше төменге бірден шөге қоймайтынын, соның салдарынан жел тербеткен майда толқынмен танап жиегіне шығып қалған дәндерді құстардың теріп жеп кететінін айтады. «Мұны болдырмаудың қандай амалы бар? Сіз оны білесіз бе?» – деп агроном енді ол кісіден ақыл сұрайды. «Ертеде бізде лай омаш деген жұмыс тәсілі бар-тын, – дейді Ыбекең. – Бұл онша жуан емес, ұзынша тұзу дөңбектің екі жақ ұшына айналмалы темір шығыршық орнатылған құрал еді. Оны күріштік алқабындағы судың ішімен өгізге көлденеңінен сүйреткізе алып жүргенде біріншіден, танап лайланып, толқынмен бірге қалқыған тұқымды тереңге тартып әкететін. Екіншіден, егістік алқаптың кедір-бұдыр жерлері тегістеліп, содан бір айдан кейінгі күріш көшеттерін отырғызар кезде оған жайлы орын жасайтын». «Күріш көшеттері дейсіз бе? Айтыңызшы! Ол не?» – дейді бұрын естімеген бұл сөзге таңданған Әнес. «Көктемдегі суға бастырылған мына алқапта жаз шыға бере күріш өскіндері пайда болып, бой көтере бастайды. Байқап қараған жанға олар телімнің бір жерінде мол, екінші жерінде аз болып көзге шалынары анық. Егістіктегі ондай ала-құлалықты жою үшін диқандар күріш өскіндерінің тығыз өскен жеріндегі сабақтарды тамырымен суырып алып, ол көшеттерді әлгі алқаптың сирек өскен тұсына апарып отырғызады. Сонда плантациядағы күріштік бірдей болып өсіп, бой көтереді. «Мына екі жұмыс әдісіңіздің екеуі де ғажап тәсіл екен, ағасы, – дейді жоғарыдағы әңгімені ден қойып тыңдаған агроном жігіт. – Білгеніңізді осылай ортаға салып айтып отырыңыз. Менің кітаптан оқығаным, сіздің өмірден көргеніңіз бар. Бірлесіп жұмыс істейік».

Содан не керек, бірін-бірі тыңдап, құптап әрі қостаған диқан мен агроном көктемді өткізіп, жазды қарсы алады. Күз жақындай бергенде дала шөбі құрап, төңіректің реңі солғындай бастамай ма?! Сол уақытта Қызылту ұжымшарындағы саркідір тартқан егінжай алқабының шет жағында керемет бір жасыл арал көз тартып, өзге телімдерден ерекшеленіп тұрады. Бұл бабы келісіп, енді бір айдан кейін гектарынан 40 центнер ақ маржан беруге дайын тұрған Ыбекеңнің күріш танабы еді. Ол кездері қолдары 22 центнерге әрең жетіп жүрген Сыр диқандары үшін бұл мүмкін еместей болып көрінген көрсеткіш-тін. Ал келесі 1942 жылы тынымсыз еңбек иесі жоғарыдағы межені 62-ге, 1943 жылы 91-ге

жеткізеді. 1944 жылы рекордтарға жол-басы болып табылатын көрсеткіштердің салтанатты шеруі басталады. Ыбекеңнің бұл жылғы қол жеткізген еңбек нәтижесі әр гектардан 156 центнерден алған өнім-тін. Одан кейінгі 1946 жылы – 160, 1947 жылы... Нағыз рекордтың өзі өмірге келді! 172 центнер!!! Иә, кейін Ыбырай түбегі деп сүйіспеншілікпен аталып кеткен ондағы бес гектар күріштік алқабының әр гектарынан 172 центнер ақ маржан! Мұның бәрі даңғайыр диқанның өзі қайталап айта беретіндей: қай уақытта да тынбай алға ұмтылған тірліктің, шаруашылық мамандарының заман талап еткен жаңалығын жүзеге асыруға лайық жауап беруге тырысқан ізденісінің және жерді еміп өскен ата-баба дәстүрінен қалған халықтық тәжірибені өз күріш плантациясына бірден емес, біртіндеп енгізген өмірлік тәжірибенің жемісі еді.

– Содан әкейдің өмір жолында мүлде бір жаңа, жарқын кезең басталды дейсіз, – деді сөзін әрі қарай жалғаған Сейітбек аға. – Оның басты-бастыларын атап айтар болсақ, ойымызға ең алдымен мына жайт оралады. Ол 1947 жылы Швецияда өткен халықаралық ауыл шаруашылығы көрмесінде даңғайыр диқанның күріш дақылын өсіру бойынша жоғарыда сөз еткен жетістігінің әлемдік рекорд деп танылуы еді. Сол табысы үшін әкей айналасы үш жылдың ішінде Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа сайланып, Социалистік Еңбек Ерінің алғашқы Алтын Жұлдызын кеудесіне тақты. Сондай-ақ халқымыздың атын әлемге паш еткен даңқ иесіне сәлем береміз, жүздесіп, әңгімелесеміз деп атағынан ат үркетін небір аймаңдай ағаларымыздың біздің ауылға топ-тобымен ат басын бұрғаны да міне, осы кез.

– Атап айтқанда...

– Бұған алғашқы кезекте Сәбең, жазушы Сәбит Мұқановты айтуға болады. Ол кісі мен өмірге келген 1944 жылға дейін ата-бабамыз қоныстанған Қызылту ұжымшарына екі рет келіпті. Сөйтіп, «Сырдария» романына материал жинау үшін әкейдің жанында үш айға жуық уақыт жүріпті. Алматыға қайта оралған соң «Социалистік Қазақстан» газетіне «Су атасы», «Ыбырайдың 18 өсиеті» атты екі мақала жариялап, содан соң ғана барып ойға алған шығармасын жазуға отырады. Сәбеңнен кейін біздің ауылға келген екінші бір үлкен адам ол – Әліби Жангелдин. Бұл шамасы 1950 жылы-ау деп ойлаймын қазір. Өйткені кеңестік Қазақстанның 30 жылдығы ма екен, әйтеуір бір даталы мерекеге байланысты: «Сізге награда тапсыруға келдік», – деп Сыр бойындағы түбекке тігілген киіз үйімізде екі күн қонақ болғаны есімде. Жанына сегіз-тоғыз жастағы баласын ертіп әкеліпті. Киіз үйдің не екенін білмеген ол сырттағы керегеге жармасып, одан уық үстіне өрмелегенде Әлекең: «Шаңырақты қиратасың», – деп баласын жерге әзер түсіріп алғаны бар.

Үй иесі осы сөздерді айтып отырғанда, есіме атақты диқанның халқымыз ерекше қадір тұтқан тағы бір ірі тұлғамен кездесуі есіме түсті.

Ол – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев еді. Бұл жүздесуді мен жазушы Оразбек Бодықовтың Ыбекең жөнінде 1980 жылы жазған «Өмір жолы» кітабынан білетінмін. Кейін оны үлкен кісінің өз аузынан да естудің сәті түсті. Оған себеп: 1992 жылы Димекең 80 жасқа толатын болды. Соған байланысты «Жас Алаш» газеті атынан интервью алуға барған мен әңгіме барысында төмендегідей сұрақ қойғаным бар. Ол: «Шопан ата Жазылбек Қуанышбаев, диқан баба Ыбырай Жақаев, қазақ ауыз әдебиетінің соңғы тұяғы Кенен Әзірбаев... Бұл кісілер жөнінде не айтасыз?» – деген сауал еді. Сонда: «1954 жылғы жазда – деді Дінмұхаммед Ахметұлы, – республика Ғылым академиясының президенті болып тұрғанымда, тың игеру науқанына байланысты жер-жердегі ауыл шаруашылығы озаттарының басын қосып кеңес өткіздім. Жиын аяқталғаннан кейін осы басқосуға қатысқан Ыбырай ақсақалды көріп қалып, сәлем бердім. Ертесінде кабинетімде қабылдап, көп әңгімелестік. Сөз реті келіп қалғанда даңғайыр диқанға: «Қалай ойлайсыз, Жетісуда да күріш өсер ме еді?» – дедім. Сонда ол кісі: «Бұл өңірдің жері қара топырақты және тастақты ғой. Күрішке боз топырақ керек. Оған бір жараса, Іле бойы жарап қалар», – деді. Осы әңгімеден кейін біраз уақыт өткен соң, бұл 1962 жыл, Ыбекеңді Сыр бойынан арнайы шақыртып алып, Ауыл шаруашылығы министрі Хайдар Арыстанбеков үшеуміз Іленің арғы бетіне аттандық. Сондағы Ақдала алқабына келгенде атақты диқан: «Осы жер дұрыс-ау, шамасы», – деп қалды. Оны есте ұстаған біз 1965 жылы әлгі аймаққа жаңа ғана құрылып, жұмыс істей бастаған «Главриссовхозстрой» мамандарын жібердік. Зерттеу нәтижесі жаман болған жоқ. «Дұрыс», – деген жауап алдық олардан. Сол Ақдала 70-80-жылдары күміс күрішті бақ далаға айналды емес пе?!»

Қара шаңырақтағы дастарқан басында отырғандарға осы жайтты айтқанымда: «Иә, солай. Үлкен кісі кейін Қызылорда облысын аралаған сапарларының бірінде мұнда әкейге амандасуға арнайы келген. Сонда Алматы облысындағы Ақдала алқабын сөз ете отырып, диқан аталарыңызға рахмет айтқаны бар», деп риза кейіппен еске алды Димекеңді Сейітбек аға. Осы көңілді сәтті пайдаланған мен енді үй иесінен тағы бір жайтты сұрауға бекіндім. Ол жергілікті биліктің соғыстан кейінгі кезеңде Ыбекеңді қоярда қоймай ұжымшар бастығы етіп қойғаны жөніндегі әңгіменің анық-қанығын білу еді. Сөйтсем, рас екен. 1952 жылы аудандық партия комитетінің хатшысы Қаракөзов деген кісі диқанды өзіне шақыртып алады. Сөйтеді де бұл қадірменді адамның соңғы жылдардағы қол жеткізген жетістіктері мен атақ-даңқын санамалай келіп: «Сіз сияқты құрмет иесінің егістік алқапта қара жұмыс істеп жүргені жараспайды. Сондықтан кетпен шауып, су кешкенді қойыңыз. Ұжымшар бастығы болыңыз», – дейді. Бұл ұсынысқа диқан шоршып түсіп: «Айналайын, менің жұмысым да, тынысым да дала. Мені одан айыра көрме», – деп аупартком хатшысының ұсынысынан ат тонын ала қашады. «Болмайды, Ыбеке. Сіздің ауылға басшы тұрақтамай-ақ қойды. Ол елге ақсақалдық ететін белді адам керек, – дейді әңгіме

иесі. – Оған өзіңізден басқа ыңғайлыадам болмай тұр. «Ақсақалдықтың заманы адыра қалған жоқ па?..» Аузына келіп қалған осы сөзді айтуға бекінген әкей тамағын кеней береді де: «Қой, қалай болғанда бұл үкімет адамы ғой. Және аудан басшысы деген дардай аты бар. Олай демейін», дейді іштей. Сөйтеді де: «Қазір мен 20 гектар жерге күріш егіп, ел дәулетін еселеуге үлес қосып жүрмін, қарағым, – дейді Қаракөзовке. – Сол егістік алқабыма тағы 20 гектар қосып берші. Көр де тұр, айды аспанға шығармасам да көп жылғы тәжірибемнің арқасында ол телімнен де мол өнім аларым анық. Маған ұжымшар басқартқаннан гөрі аудан мен облысқа сол тиімді. Осылай етші, інім». «Жоқ, Ыбеке. Болмайды. Бюро солай ұйғарды».

«Жарайды, – дейді айтысуға сөз таба алмаған еңбек адамы. – Мені масқара қылатын болдыңдар. Амал не?». Диқанның бұлай деуінде үлкен мән бар еді. Біріншіден, ол кісі сауатсыз-тын. Содан қатты жасқанатын. Екіншіден, өзі жетекшілік етуге келген Қызылту ұжымшарының тірлігі оңып тұрған жоқ еді. Мұндай кезде көсемсіп, білгішсініп кететін арызқойлар мен қызылкөздер ешкімге дауыс көтермейтін момын, иі жұмсақ бұл кісіні қалай тыңдасын. Үшіншіден, басшылық туралы әңгіме басталғанда да, одан ұжымшарды басқаруға келгенде де Ыбекеңде ешқандай ынта болмады. Керісінше кең даланы сағынып, күріштік алқапты аңсады да тұрды. Кетпен ұстауды қойғалы бері арқасы құрысып, ыңқыл-сыңқылы да жиілеп кетті. Басқа диқандардың бұған таныс жұмыстарына еш алаңсыз барып, қайтып жүргенін көргенде, ішқұса күй кешетін болды. Сондай көңілсіз күндердің бірінде, бұл Ыбекеңнің ұжымшар төрағасы болғанына жарты жылға жуықтап қалған кез, Алматыда өтетін ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жиынына қатысуға шақырылады. Басқосу аяқталған соң ол кісі Қызылордадан өзімен бірге келген облыстық партия комитетінің хатшысына қарап: «Саған өтінішім бар, інім», – дейді. «Айтыңыз», – деп жауап береді серігі. «Орталық Комитетке барайық. Мені Жұмекеңе жолықтыр қарағым». Хатшы жымыып күлгендей болады. Байқайды, іші бірдеңені сезгендей ме, қалай?.. Бірақ тілін алып, Жұмабай Шаяхметовке ертіп апарады. Атақты күрішшінің өтінішін асықпай тыңдаған республика басшысы Ыбекеңнің сөзіне сенеді. Сөйтеді де: «Диқанның 10 күн бастық болғанынан бір күн егін еккені тиімді емес пе?» деп ашуланады. Қызылордаға телефон соғып, жағдайды реттейді. Білетіндердің айтуынша, ұжымшар басшысы қызметінен осылай құтылып, ауылына келген диқан егістік алқабына барғанда: «Жарықтық ақ топырағым-ай!» деп бір уыс оны кеудесіне басып, күріш плантациясымен жылап көріскендей болады.

– Тағы қандай сұрағың бар інішек, – деді жоғарыдағы әңгіме аяқтала бергенде маған барлай қараған үй иесі. – Қысылма. Айт. Бәрін болмаса да білгенімді айтуға тырысайын.

– 2006 жылы, – дедім мына сөзге іле жауап қатқан мен. – «Аргументы и факты» апталығының Қазақстанға арналған қосымшасынан: «Атақты күрішші Ыбырай Жақаев Мәскеудегі Бүкілодақтық Халық Шаруа-

шылығы Жетістіктері көрмесінің 1955 жылғы ашылу салтанатында лента қию құрметіне ие болған санаулы адамдардың бірі», – деген деректі көзім шалып қалып еді. Ол нысан 1939 жылы-ақ елге есігін айқара ашып, содан бастап жұмыс істеп келе жатқан жоқ па?! Ал «АиФ»-тағы 1955 жылы айтылған қай көрме?

– Ол былай, – деп сөзге араласты дастарқан басында отырған «Сыр бойы» облыстық газетінің бас редакторы Серік Пірназар. – Иә, Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Жетістіктері көрмесі соғыстың алдында өмірге келгені рас. Бірақ КСРО Үкіметі оны уақыт талабына сай етіп қайта жасақтау үшін 1949 жылы жаңа шешім қабылдаған. Сөйткен де 1954 жылдың аяғына дейін ондағы жаңғырту жұмыстарын толық аяқтап бітірген. 1955 жылы оның ашылу салтанаты өткен. Бұған мемлекет басшылары келіп, арнайы түрде қатысады. Содан кейінгі кезек осы алып нысанның негізгі жаңалығы болып табылатын 15 одақтас республикалар кешенінің тұсаукесеріне келмей ме? Міне, сонда Қазақ КСР-і павильонының ашылу рәсімі лентасын қию құрметі күріш өсіруден әлемдік рекорд иесі, Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ыбырай Жақаев атамызға бұйырған.

...Әңгіме аяқталып, бәріміз сыртқа шықтық. Ойымыз – Ыбырай Жақаев атындағы музейге кіріп, ондағы экспонаттармен танысу. Бұл үй 1979 жылы салыныпты. Ол диқан бабаның бұрынғы өзі тұрған мекенжайы екен. Бертініректе музейге айналған одан көп нәрсені көріп, біраз нәрсеге қанықтық деуімізге болады. Мәселен, өзіміз ара-тұра болса да газет-журнал беттерінен көріп қалатын шопан ата Жазылбек Қуанышбаев пен диқан баба Ыбырай Жақаевтың суретін алып қарайық. Даланың қос бәйтерегінің емен-жарқын әңгімелесіп отырған осы бір жарасымды көрінісін фотообъективке кім іліктірді екен деп ойлап қоятынбыз. Сөйтсек, оны ешқандай да атақты фотографтар емес, Шиелі өңірінің тумасы, мұндағы аудандық газетте 40 жылға жуық жұмыс істеген Саидхасан Хутаев деген аға әріптесіміз түсіріпті. Содан кейін музейдегі біздің назарымызды аударған экспонат ол Ыбекеңнің кетпені болды. Диқанның еңбек құралы ретіндегі өмірлік серігіне айналған оны асқан бір толқынысқа толы сезіммен қолға ұстағанымызда, салмақты дүние екенін байқадық. Болат деп әсірелеп айтпай-ақ қоялық, таза темірден жасалған оны саусақтарымызды кере өлшегенімізде көлденеңі екі, тігі үш қарыс болды. (Кейін редакцияға оралып, жоғарыдағы өлшемдерді сызғыштағы цифрлармен салыстырмаймыз ба?! Сөйтсек, кетпен көлемінің ені 42, ұзындығы 63 сантиметр екен). Жә, мұражайда осы қасиетті жәдігерді ұстап тұрып экскурсоводтан: «Ыбекеңнің бұл кетпенін кім жасаған? Соны білесіздер ме?» – деп сұрауды да ұмытқанымыз жоқ. Бұған: «Сейтімхан ұста. Иә, Сейтімхан Сақов. Біздің өңірде ертеректе сондай бір керемет адам болыпты. Мұны жасаған сол ұста», – деп жауап берді ол.

...Музейден түс ауа шықтық. Содан соң да Сейітбек ағамен біраз әңгімелестік. Ондағы сөз арқауы қарияның өзі мен бала-шағасы туралы болды. Қара шаңырақ иесінің айтуына қарағанда, Ыбекең Бибіжар



апамыздан Ақылбек, Қалия, Сейітбек атты үш перзент көріпті, Ақылбек соғысқа аттанып, содан елге қайтпаған. 1944 жылы өмірге келген Сейітбек орта мектепті бітірген соң Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі. Диплом алған соң агроном мамандығы бойынша туған ауылында табан аудармай еңбек етеді. Көп жыл шаруа қожалығын басқарған да жайы бар. Зайыбы Жалғас жеңгей екеуі жеті перзенттің ата-анасы атанып, бәрін өсіріп жеткізеді. Үлкені Сейітбек кезінде ауданның аумақтық басқармасында қызмет істеген. Ауған соғысының ардагері. Қыздары – Фатима кәсіпкер, Ботагөз медицина маманы. Бақыт – есепші. Аягөз – музейде экскурсовод. Меруерт – үй шаруасында. Ортаншы ұлы Мейірбек пен оның зайыбы Гүлнар да тындырымды еңбек иелері ретінде өз шаруаларын дөңгелетіп отыр.

***P.S:** Таяуда Шиелідегі әріптесім Нұрмахан Елтайға телефон соқтым. «Қария тың, бақуатты. Бала-шағасының ортасында қара шаңырақтың құты болып отыр», деді.*

**Жанболат АУПБАЕВ,**

**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**